**"Жамбыл облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтарды айқындау туралы"**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2026 жылғы 14 сәуірдегі № 80 қаулысы

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жамбыл облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Жамбыл облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

*Жамбыл облысының әкімі* *Е. Қарашөкеев*

*"КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасы*
*Өнеркәсіп және құрылыс*
*министрлігі Геология комитетінің*
*"Оңтүстікқазжерқойнауы"*
*Оңтүстік Қазақстан өңіраралық*
*геология департаменті*

*"КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасы Экология*
*және табиғи ресурстар министрлігі*
*Экологиялық реттеу және бақылау*
*комитетінің Жамбыл облысы бойынш*
*Экология департаменті*

*"КЕЛІСІЛДІ" "Қазақстан Республикасының Су ресурстары*
*және ирригация министрлігі*
*Су ресурстарын реттеу, қорғау*
*және пайдалану комитетінің*
*Су ресурстарын реттеу, қорғау*
*және пайдалану жөніндегі*
*"Шу-Талас" бассейндік инспекциясы"*

Жобаны ұсынушы:

Жамбыл облысы әкімдігінің
табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу
басқармасының басшысы Н.
Егембердиев
Жамбыл облысы әкімдігінің
2026 жылғы "__"__________
№ ___ қаулысына қосымша

## Жамбыл облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтардың тізімі

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | " Владимир " учаскесі | 1 | 1 | 70 | 11 | 1,48 | 43 | 12 | 50,9 | 4,010 | Талас ауданы |
| | | | 2 | 70 | 11 | 4,51 | 43 | 12 | 48,68 | | |
| | | | 3 | 70 | 11 | 20,46 | 43 | 12 | 59,12 | | |
| | | | 4 | 70 | 11 | 13,91 | 43 | 12 | 58,52 | | |
| 2. | " Адильжан " учаскесі | 1 | 1 | 70 | 10 | 45,37 | 43 | 12 | 36,74 | 4,300 | Талас ауданы |
| | | | 2 | 70 | 10 | 43,11 | 43 | 12 | 39,06 | | |
| | | | 3 | 70 | 11 | 2,22 | 43 | 12 | 49,8 | | |
| | | | 4 | 70 | 11 | 0,14 | 43 | 12 | 44,94 | | |
| 3. | "Алеке" учаскесі | 1 | 1 | 70 | 10 | 30,58 | 43 | 12 | 24,99 | 4,169 | Талас ауданы |
| | | | 2 | 70 | 10 | 33,4 | 43 | 12 | 22,49 | | |
| | | | 3 | 70 | 10 | 46,33 | 43 | 12 | 34,24 | | |
| | | | 4 | 70 | 10 | 42,96 | 43 | 12 | 35,71 | | |
| 4. | "DAUR" учаскесі | 1 | 1 | 70 | 10 | 20,23 | 43 | 12 | 14,01 | 4,389 | Талас ауданы |
| | | | 2 | 70 | 10 | 16,63 | 43 | 12 | 17,24 | | |
| | | | 3 | 70 | 10 | 29,47 | 43 | 12 | 24,8 | | |
| | | | 4 | 70 | 10 | 32,55 | 43 | 12 | 22,2 | | |
| 5. | № 2 учаске | 1 | 1 | 72 | 41 | 50,00 | 45 | 09 | 20,00 | 2,024 | Мойынқұм ауданы |
| | | | 2 | 72 | 41 | 50,00 | 45 | 09 | 17,00 | | |
| | | | 3 | 72 | 41 | 40,00 | 45 | 09 | 18,00 | | |
| | | | 4 | 72 | 41 | 40,00 | 45 | 09 | 21,00 | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК